

М. Ә. Исмағамбетов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының сырттай оқыту факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты

СОТТЫҢ ТҮСІНІК БЕРУ АКТІСІН ҚҰРУ ІСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Соттың түсінік беру актісін құру ісі құқық түсіндіру процесінің бір түрі болып табылады және келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

- ол сот органдарының қызметінде жүргізіледі;
- тек ресми түсінік беруге жатады және бейресми сипаттағы түсінік беруге жатпайды;
- осы процесс бірқатар объективті себептермен шартталған бес кезеңнен тұрады.

Сот түсінік беру актісін құру процесінің кезеңдері барлық жерде айқын байқала бермейді: түсінік беру қолдану актісінің (үкімнің, шешімнің және т. с. с.) дәлелдеу бөлімінде байқалатын және оны дәл бөліп көрсету мүмкін болмаған жағдайларға қарағанда, түсінік берудің арнайы мақсаты қойылатын жерде әр кезеңнің дербестігі айқын байқалады.

Сот түсінік беру актісін құрудың бірінші кезеңі құқық түсіндіру бастамасының кезеңі болып табылады. Оның мағынасы мынада: азаматтар, лауазымды тұлғалар, мемлекеттік ұйымдар, органдар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктер сол және басқа да сұрақ бойынша тиісті түсінік алу үшін заңның мағынасын аса айқын белгілеу қажеттігіне байланысты құзыретті органдарға жүгіне алады. Сонымен қатар, құзыретіне сот түсінік беруі енетін органдардың өзі туындаған қажеттілікке байланысты өз бастамасы бойынша түсінік беру процесін жүзеге асырады.

Тапсырыс, ұсыным, қолдау хат алғаннан кейін немесе сот түсінік беру актісін шығару қажеттігі туралы сенімге келе отырып, осы түсінік беруді жүзеге асыратын органдар бар тәжірибені талдап, тиісті түсінік беру қажеттігін анықтайды. Сот түсінік беру актісін шығару қажеттігін анықтау құқық түсіндіру бастамасының келешегіне әсер ететіндіктен және егер құзыретті сот органы мұндай акт шығару қажет емес деген сенімге келсе, құқықты іске асыру процесінің соңғы кезеңі болуы мүмкін болғандықтан осы кезең маңызды мағынаға ие болады.

Сот түсінік беру актісін құру процесінің үшінші кезеңі түсіндіру мәтінін құру және талқылау болып табылады. Осы кезеңде құқық нормалары мұқият зерделенеді, заң шығарушының еркі мен шынайы мағынасы анықталады, құқық нормаларын дұрыс түсінбеу немесе дұрыс іске асырмау практикасымен байланысты мәселелер талқыланады, сот түсінік беру актісінің мәтіні әзірленеді.

Осыдан кейін түсіндіру жобасы қабылданады немесе бекітіледі.

Соңғы, бесінші кезең сот түсінік беру актісін жариялау болып табылады. Құқық түсіндіру қызметінің субъектісіне қарай оларды жариялау әртүрлі басылымдарда жүзеге асырылады.

Сот түсінік беру актісін құру қажеттігі бірқатар объективтік және субъективтік себептерге байланысты болады. Олардың барлығы заң тәжірибесінде орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты ойлау қызметін талап етеді. Осы себептерді анықтау оларды дұрыс жою әдістері мен тәсілдерін белгілеуге мүмкіндік береді, ал ауқымды функциялық жүктемесі бар сот түсінік беру актілері құқықты тиімді іске асыруға және заңнама жүйесін жетілдіруге ықпал ете отырып, құқық түсіндіру процесінде ерекше рөл атқаруға бағытталған.

Алайда сот түсінік беру актілері ресми түсінік беру актілерінің бір түрі бола отырып, айтарлықтай дербес актілер тобы болып табылады, бұл оларды жіктеумен және олар атқаратын функциялардың ерекшелігімен расталады.

Сот түсінік беру актісінің функциялары ретінде сот түсінік беру актісінің қызметтік рөлін немесе қызметтік мақсатын нақтылауды түсінген жөн.

Сот түсінік беру актісінің функциясы «Бұл акт неге қызмет етеді?», «Оның құқықтық реттеу механизміндегі рөлі қандай?» деген сұрақтарға жауап береді.

Құқықтық актілерді құқықтық реттеу механизмінде сипаттай отырып, С. С. Алексеев олардың рөлін келесідей ашады: «Заң құбылыстарының көзі ретінде құқықтық акт осы құбылыстарды енгізуді, өзгертуді қамтамасыз ететін конституциялау құралы және нысан ретінде болады. Осы тұрғыдан құқықтық акт құқықтық жүйенің мазмұнды элементтеріне ықпал ету, оларға қажетті заң қасиеттерін беру құралы болып табылады ... Заң нормаларының тіршілік ету нысаны ретінде құқықтық акт олардың өмір сүруін бекіту тәсілі болып табылады, олардың қолданылу, «уақыт шегінде ұстау» орны қызметін атқарады. Сонымен қатар, құқықтық актінің маңызды өз функциялары оның сыртқы көріну нысаны ретіндегі ерекшеліктерінен байқалады: құқықтық актілер олардағы ерікті толық және дәл көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған, құқықтық реттеудің — мемлекеттің, азаматтардың еркін қатысы бар тұлғалардың барлығына жеткізудің қажетті шарттарының бірі болып табылады; құқықтық үгіттің және құқықтық тәрбиенің аса маңызды құралдары мен көздері болып табылады»¹.

Т. В. Синюкова белгілеп көрсеткендей, кейінгі он жылда, республикада реформаларды жүзеге асыру кезеңінде қоғамның, саясаттың, құқықтың теріс идеологиялануы жүрді, бұл көптеген адамгершілік мәдени, құқықтық игіліктерден, құқық пен мораль дәстүрлерін тиісінше құрметтеуден айырылуға, руханилықты жоғалтуға әкеп соқты, құқықтық нигилизм мен әлеуметтік примитивизм тарау алды. Мұндай жағдайда мемлекеттік-құқықтық идеологияға қажеттілік туындауы орынды, бұл кез келген қоғамның өмірлік әрекетінің ажырамас шарты болып табылады. Демократия, адамның құқықтарын қамтамасыз ету, адамгершілік және әділ құқық тәртібі туралы жалпы адами және ұлттық көзқарасқа сәйкес келуге бағытталған құқықтық мемлекет доктринасы қазіргі уақытта отандық мемлекеттілік үшін осындай идеологиялық негіз болып табылады².

Осы ретте сот түсінік беру актілері құқықтық нормаларды біркелкі және дұрыс түсіну және қолдану мақсатында оларды түсіндіру процесін жүзеге асыра отырып, елеулі рөл атқаруға бағытталған, бұл құқықтық мемлекет элементтерінің ажырағысыз құрамдас бөліктері ретінде заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға ықпал етеді.

¹ Алексеев С. С. Общая теория права: в 2-х т. — М., 1982. Т. 2. — 195-б.

² Синюкова Т. В. Правосознание и правовое воспитание // Теория государства и права. Курс лекций / Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. — Саратов, 1995. — 461-462-бб.

Резюме

В данной статье рассматриваются стадии процесса создания акта судебного толкования, которые обусловлены целым рядом объективных и субъективных причин. Все они требуют определенной деятельности, направленной на устранение недостатков, имеющих место в юридической практике.

Resume

This article discusses the stages of the process of creating an act of judicial interpretation, which are caused by a number of objective and subjective reasons. All of them require some activities aimed at addressing the deficiencies that occur in the practice of law.